

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2025 жылғы 6-12 қараша

Респонденттер саны: 14

(AERC, Alatau City Bank Analytics, Alatau City Invest, Halyk Finance, ING, NAC, AKPA, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Синара инвестициялық банкі, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2024 (факт)	2025	2026	2027
Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	80,7	68,7 (69,0)	63,8 (64,7)	64,1 (65,6)
ЖІӨ өсімі %, ж/ж	4,8	5,9 (5,6)	4,9 (4,8)	5,0 (4,8)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	8,6	12,3 (12,0)	10,0 (10,0)	7,0 (7,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына	15,3	18,0 (16,6)	16,0 (14,8)	13,0 (12,0)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,8	88,3 (90,4)	88,0 (88,0)	94,3 (92,7)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	74,7	75,1 (75,1)	77,0 (76,6)	79,0 (77,9)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	469,0	525,8 (525,3)	548,2 (552,0)	565,0 (568,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %	9,0 (9,0)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімде өсуі** %, ж/ж	4,1 (4,4)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасына қатысты сценарий шарттары бүкіл болжамды кезеңде қайта қаралып, біршама төмендеді. 2025 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы 1 баррель үшін орта есеппен **68,7** АҚШ доллары деңгейінде, 2026 және 2027 жылдары тиісінше **63,8** және **64,1** АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсуіне қатысты болжамдар өсті. 2025 жылы ЖІӨ өсімі **5,9%** деңгейінде, 2026 және 2027 жылдары тиісінше **4,9%** және **5%** деңгейінде күтілуде.

ТБИ. 2025 жылға жасалған инфляция болжамы 12%-дан **12,3%**-ға сәл өсті, ал 2026 және 2027 жылдарға жасалған болжамдар тиісінше **10%** және **7%** деңгейінде сақталды.

* Базалық мөлшерлеме деңгейі – бұл ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны, инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұратын мөлшерлеме

** Алдағы 5 жылдағы әлеуетті ЖІӨ-нің күтілетін орташа өсу қарқыны

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеме бойынша күтулердің медианасы барлық болжамды кезеңде жоғарылады. 2025 жылдың соңына жасалған болжам 16,6%-дан **18%**-ға, 2026 жылға – 14,8%-дан **16%**-ға, 2027 жылға – 12%-дан **13%**-ға дейін өсті.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспорты көлеміне қатысты болжамдары айтарлықтай өзгерген жоқ. 2025 жылға болжам **88,3** млрд АҚШ доллары, 2026 жылға – **88** млрд АҚШ доллары, 2027 жылға – **94,3** млрд АҚШ доллары деңгейінде.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Импорт көлеміне қатысты респонденттердің болжамы аса өзгерген жоқ және бүкіл болжамды кезеңде **75–79** млрд АҚШ доллары аралығында қалыптасты.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың USD/KZT бағамына қатысты күтулері сәл өзгерді. 2025 жылы USD/KZT бағамы жылдық орта есеппен 1 АҚШ долларына **525,8** теңге деңгейінде, 2026 жылы – **548,2** теңге, 2027 жылы – **565** теңге деңгейінде болады деп болжанып отыр.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде болуын қолдайтын базалық мөлшерлеме бұрынғыдай **9%** деңгейінде сақталды.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Алдағы 5 жылға арналған әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын бағалау көрсеткіші 4,4%-дан **4,1%**-ға дейін біршама төмендеді.

Көптеген макрокөрсеткіштер бойынша **болжам диапазоны** барлық болжамды кезең бойында әлі де кең ауқымда сақталып отыр. Ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасып келеді. Бұл сарапшылардың ішкі және әлемдік экономиканың жақын аралықта және ортамерзімді даму келешегіне қатысты белгісіздігін көрсетеді.